

"Қосылған құн салығын есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1199 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 13 шілдедегі № 611 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1199 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесінде:

реттік нөмірі 85-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

85.	Ағынды немесе жинақтаушы (сыйымдылықты) электрлі емес су жылытқыштар; кептіргіштер: өзгелері, ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған; өзге де машиналар, агрегаттар және жабдықтар: кофеқайнатқыштар және кофе мен басқа да ыстық сусындар дайындауға арналған басқа да құрылғылар; дистилляцияға немесе ректификацияға арналған өзге де аппараттар; бөліктер	8419 11 000 0 – 8419 19 000 0, 8419 34 000 0, 8419 40 000 9, 8419 81 200 0, 8419 90-нан
-----	---	---

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов